



ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ:

бүгін және болашағы

2



ЖИЛЕЙ ТҮСКЕН ЖАҒАНДЫҚ АПАТ

Су тасқыны: қарсы шара қандай болуы керек?

3



ТІРШІЛІК ҚАЗАНЫ ҚАЙНАҒАН ҚАЛА

Алматыны асқақтатуға арналған шараға сіз де атсалысыңыз!

8-9

БІЗ БІРГЕМІЗ!

Алматыдан Атырауға 30 тонна гуманитарлық көмек жіберілді



Алматы қаласы Алматы комьюнити-орталығында су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге гуманитарлық көмек жинау пункті жұмысын жалғастырып отыр. Орталықтағы жұмыс барысымен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова танысып қайтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, «Біздің күшіміз – бірлікте». Еліміз осы күндері ауыр сынақты бастан өткеріп жатыр. Дәл осы сәтте бірлігіміз бен елдігімізді көрсететін уақыт келді. Елдегі болып жатқан бұл табиғаттың то-

сын мінезіне қатысты мемлекет тарапынан, Президентіміз тарапынан барлық тиісті шаралар қабылданып жатыр. Осы ретте су басқан аймақтарға гуманитарлық көмек жинап, үйлестіріп жатқан әрбір жанға алғыс білдіремін», – деді Әсем Нүсіпова.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

6

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №31 (6482) 12 сәуір, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АЙМАҚТЫҚ БАҚ?

Мегаполисте республикалық II Өңірлік мерзімді басылымдар форумы өтіп жатыр



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласындағы «Достық үйінде» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен Өңірлік мерзімді баспасөз басылымдарының республикалық II форумы өтіп жатыр. Екі күнге жоспарланған ауқымды іс-шараға еліміздің аймақтарынан ақпарат саласын дамытуға үлес қосып жүрген 100-ден астам медиа маман келді.

4

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

12.04.2024

Түнде:

+7+9 °C
Көшпелі бұлтты, таңертең жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай.

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты.

Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 18м/с

13.04.2024

Түнде:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ПРЕЗИДЕНТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ІГІ АМАЛДЫҢ БӘРІ АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ ШЫНАЙЫ БОЛМЫСЫН АЙШЫҚТАЙ ТҮСЕДІ

Мемлекет басшысы барша мұсылман қауымды Ораза айт мерекесімен құттықтады, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ», Ақорданың Баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«Қадірлі отандастар!
Баршаңызды Ораза айт мейрамымен құттықтаймын!
Бұл – мұсылман қауымының ерекше ықыласпен қарсы алатын ұлық мерекесі.

Қасиетті Рамазан айында жұрт адамгершілік құндылықтарға баса мән береді, рухани тазаруға ұмтылады. Мұқтаж жандарға қолұшын созып, айналасына қайырымдылық көрсетеді. Отыз күн оразадағы сабыр мен қанағатқа негізделген игі амалдың бәрі Айт мерекесінің шынайы болмысын айшықтай түседі.

Ата дініміз адамзатты татулық пен тыныштыққа, қамқорлық пен мейірімділікке, жанашырлық пен жасампаздыққа үндейді. Адал еңбек етіп, адал табыс табуға шақырады. Мұның барлығы, түптеп келгенде, бүкіл еліміздің ырқысты ынтымағын арттыруға ықпал етеді.

Халқымыздың салт-дәстүрі Ислам дінінің, Рамазан айының және Айт мейрамының ұлағатымен ұштасып жатыр. Бұл сабақтастық берекелі бірлігімізді нығайтып, әділетті қоғам құру жолында маңызды рөл атқарады.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!
Әр шаңыраққа бақ-береке және толағай табыс тілеймін!
Айт қабыл болсын, ағайын!, делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: t.me/daqorda_resmi).

ПАРЛАМЕНТ

ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛМЕН КҮРЕС

Отбасылық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында тұрмыстық зорлық-зомбылықты ымырасыз күрес жүргізуді қажет ететін әлеуметтік кеселдің бірі ретінде атап өткені белгілі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
Төрағасы:

Қосымша құқықтық тетіктер енгізілді

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үнемі баса мән беріп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында арнайы заңдар әзірленді. Осылайша әйелдер мен балалардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету және елімізде отбасы институтын нығайту үшін қосымша құқықтық тетіктер енгізіліп отыр. Сондай-ақ, отбасылық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді».



Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:

Мемлекеттік саясаттағы басымдықтың бірі

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қылмыс деп танылуы, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлері үшін жазаның күшейтілуі және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған түрлі шаралардың белгіленуі бұл заңның негізгі жаңашылдығы деп атауға болады. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау – мемлекеттік саясаттағы басымдықтың бірі. Бұл мәселе қашанда Мемлекет басшысының басты назарында».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: senate.parlam.kz; web.telegram.org/k).

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ КҮНІ

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ:

бүгіні және болашағы

Ғылым – экономикалық дамудың қозғаушы күші. Ғылым, ақпарат және технология XXI ғасырдың сарқылмас ресурсына айналған шақта, елімізде ғылым саласын дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. 12 сәуір елімізде ғылым саласындағы қызметкерлердің кәсіби мерекесі ретінде аталып өтеді. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, елімізде бүгінде 22 456 ғылыми қызметкер, зерттеушілер жұмыс істейді. Алдағы уақытта ғылым саласындағы қызметкерлер санын 1,5 есеге арттыру көзделген. Жыл сайын ғылым саласын Үкімет тарапынан қолдау да артуда. 2025 жылға қарай ғылымды қаржыландыру көлемін жалпы ішкі өнімнің 1%-ына дейін ұлғайту жоспарланған. Мақаламызда отандық ғылымның бүгінгі мен болашағын талдап көрелік.



(Фотодереккөз: albyn.orda.kz)

- Отандық ғалымдардың 34%-ы – 35 жасқа толмаған; 43%-ы – 35 жастан 54 жасқа дейінгілер; 23%-ы – 55 жастан асқандар.
- Статистикалық дерекке сүйенсек, 2013 жылы ғылыми зерттеуші мамандардың саны бойынша әйелдер мен ерлер арақатынасы – 51,5%-да 48,5% болса, 2021 жылы 54,5% әйел адамдар және 45,5% ер адамдар болды.

Әлеуеті қандай?

Ғылым – мемлекет дамуының стратегиялық маңызды саласы іргелі ресурс ретінде мемлекеттің экономикалық өсімі мен адам капиталын қалыптастырудың басты тетігі. Аталмыш дата көрнекті ғалым, геолог, Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбасвтың туған күнімен байланысты тандалған.

Танымымызда ғылым мен білім қастерлі ұғым саналып келген. Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жан-жақты қолдауының арқасында ғылым саласында оң өзгерістер орын алып жатыр. Ғылымды республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі соңғы екі жылда шамамен екі есеге артты. 2025 жылға қарай ғылымды қаржыландыру көлемін жалпы ішкі өнімнің 1%-ына дейін ұлғайту жоспарланған. Бұл – отандық ғылымның дамуына үлкен серпін берері сөзсіз. Себебі, халықаралық тәжірибеде, ғылым саласына жалпы ішкі өнімнің 4%-5%-ын бөлу қалыптасқан.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, 2023–2025 жылдарға арналған ғылымға бөлінген ел бюджеті 2020–2022 жылдармен салыстырғанда 3,3 есеге өсіп, 643 млрд теңгені құрайды. Сөйкесінше, 2024–2026 жылдарға жоспарланған ғылым бюджеті – 729,5 млрд. Бұл көрсеткіш соңғы үш жылдық кезеңмен салыстырғанда, 13 пайызға өскен.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ғылым саласы да дағдарыстық кезеңді бастан өткерді. Мәселен, 1991 жылдан 2000 жылға

дейін республикадағы ғылыми қызметкерлердің саны 27,6 мыңнан 14,8 мыңға дейін екі есеге жуық қысқарды. Алайда, аталмыш жылдары еліміздің ғылым саласының ұлттық нормативтік-құқықтық базасы қалыптасты. 1992 жылы «Қазақстан Республикасының ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы» Заң қабылданып, осы кезеңдегі республика ғылымының дамуының негізгі принциптері айқындалды. 2000 жылдары ғылым саласындағы реформаларды одан әрі шоғырландыру және жаңа міндеттерді айқындау үшін Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы және «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2007–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бүгінде елімізде ғылым саласында 21 782 адам жұмыс істейді. 2023–2025 жылдарға арналған ғылым бюджеті соңғы үш жылмен салыстырғанда, 3,3 есеге өсті.

Соңғы жылдары ғылым саласында екі позитивті өзгеріс байқалады. Біріншіден, ғылым саласында жастардың үлесі артып ке-

леді. Жас ғалымдардың үлесі 2010 жылы 24%-ды құраса, бүгінде 37,5%-ға өсті. Сонымен қатар, ғылым саласында гендерлік теңдік қалыптасуда. Мысалы, 2013 жылы зерттеуші мамандардың саны бойынша әйелдер мен ерлер арақатынасы – 51,5%-да 48,5% болса, 2021 жылы 54,5% әйел адамдар және 45,5% ер адамдар болды.

Екіншіден, Қазақстандық ғалымдардың шетелдік ғылыми базаларда индекстелінетін журналдарда жарияланған мақалалар саны артуда. Мысалы, 2011 жылы 190 мемлекет ішінен 101-ші орында болсақ, 2021 жылы 75-ші орынға көтерілді.

Соңғы жылдары Үкімет тарапынан ғылым саласын қолдау жүйелі түрде қолға айылды. Мысалы, 2022 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігінің құрылуы мен Ұлттық ғылым академиясына ерекше мәртебе берілуі, ғылым саласын мемлекет тарапынан қолдаудың жаңа құрылымын қалыптастырды. Ғылымға жастардың көбірек келуіне жағдай жасалуда. Жас ғалымдарды материалдық жағынан да, моральдық жағынан да ынталандыру арқылы қоғамда ғалымдардың әлеуметтік статусы артуда. Жағдай жасау арқылы да белсенді түрде қолдау осының айғағы. Демек, отандық ғылымның болашағы жарқын.

Қазіргі таңда ғылымның қоғамдық өмір салаларына қолданбалы сипатта енуі ғылыми-зерттеу саласын адамзаттық құндылық деңгейіне шығарды. Жаһандық жылыну, пандемия сынды тұтас адамзатқа қатер төндірген мәселелердің жауабын тек ғылыми ашылымдар мен зерттеулерден таптық. Отандық ғылымның соңғы отыз жылдағы басты жетістіктерінің бірегейі, Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының COVID-19-ға қарсы QazVac отандық вакцинасын қолдануға енгізуі еді. Нәтижесінде Қазақстан әлемде жаһандық пандемиямен күресте өз вакцинасын шығаруға әлеуетті болған бес мемлекеттің құрамына енді. Бұл сөзсіз отандық ғылымның, зерттеушілеріміздің үздіксіз ғылыми жұмыстарының нәтижесі. Сонымен қатар, аталмыш жетістік отандық ғылымның болашағына деген зор үмітіміздің жарқын көрінісі.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарашы.





ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БІЗ БІРГЕМІЗ!

Алматыдан Атырауға 30 тонна гуманитарлық көмек жіберілді

(Басы 1-бетте)

Алмалы ауданы комьюнити-орталығында ашылған қабылдау пункті 29 наурыздан бастап жұмыс істеді. Жәрдем қолын созуға қала тұрғындары, кәсіпкерлер және белсенді жастар атсалысты. Гуманитарлық көмек қабылдау пунктінің жұмысына қаланың 30-дан астам ірі волонтерлік ұйымынан 150-ден астам еріктілер жұмылдырылды.


«Су тасқынынан зардап шеккен аймақтар қазіргі ахуалды және қандай заттар қажет екенін хабарлап, бізге барлық ақпа-

ратты жолдап отырады. Алдыңғы аптада біз Орал қаласына 10 тонна гуманитарлық көмекті табыстап қайттық. Ал қазір Атырау облысына гуманитарлық көмек жинап, жіберіп жатырмыз. Атырау облысына жиналған заттардың бір бөлігін Air Astana және Fly Arystan компаниялары, екінші бөлігін қаламыздың кәсіпкерлері жүк көлігімен тегін жеткізіп беруге ниет білдірді. Гуманитарлық көмекті жинауға атсалысқан барша алматылықтарға ерекше алғыс білдіремін», – деді Алматы қаласы волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Бағдат Анарбаева.

Алмалы ауданының комьюнити-орталығында ашылған гуманитарлық көмек қабылдау пункті жұмысын жалғастыра береді. Жұмыс уақыты демалысыз 10.00-ден 19.00-ге дейін.

ҚОЛУШЫН СОЗЫП КӨМЕК БЕРЕЙІК!

Атырау облысында су тасқынына байланысты табиғи сипаттағы төтенше жағдай тәртібі жарияланды. Зардап шеккен аймаққа Алматы қаласы әкімі аппаратының құтқару қызметінің күшімен гуманитарлық көмек жіберілді.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСУЛЫ.

Атырау облысына көмекке 3 «КамАЗ» жүк көлігі, 1 жеңіл автокөлік, шаңц құралдары (күрек, балта, сүймен, т.б.) жіберілді. Сондай-ақ, қажетті құралдар арасында шатырлар, кереуеттер, шамдар, құтқару кеудешелері, резеңке етіктер, 5 мың кап пен дәрі-дәрмектер бар.

Айта кетейік, күн сайын су тасқын салдарынан қиналған отандастарымызға көмекке асыққан алматылықтар қажетті заттарды әкеліп, табиғи апаттан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсетуге үлесін қосып жатыр. Қала тұрғындары, кәсіпкерлер, жастар қажетті көмекті жинауға белсене қатысуда. Ораза айт кезінде осындай ойға бекінген алматылықтар, озық ойлы отандастарымыз басына қиындық түскен батыстағы ағайынға осылай жәрдем көрсетіп келеді. Еліміздің сан қиырында тасқын салдарынан қиындыққа душар болған бауырларымызға көрсетілер мұндай көмек жалғаса бермек.

«ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ» АКЦИЯСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Қазақстан халқы Ассамблеясы жариялаған «Жүректен жүрекке» республикалық акциясы аясында су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинау бойынша Алматыда өңірлік штаб жұмыс істей бастады. Еріктілер су тасқынының алғашқы күндерінен жұмысын бастап, ал ҚХА мүшелері гуманитарлық көмек жинауға кірісті. Көмек жинауға Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктері мен қоғамдық құрылымдарының өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

– Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен су апатынан зардап шеккен азаматтарға көмектесу үшін «Жүректен жүрекке» акция ұйымдастырылып, еліміздің 20 өңірінде гуманитарлық көмек қабылдау пункттері ашылды. Осы акция аясында біз алғашқы жүк көлігін жіберіп жатырмыз. Республика көлемінде кеңес өтіп, онда көмекке ең мұқтаж өңір ретінде Атырау таңдалды. Сондықтан біздің көмегіміз осы өңірге барады, – деді Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы штабының басшысы Рустам Қайыров.

Бүгінгі күні ҚХА мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері жалпы сомасы 25 миллион теңгеден астам көмек көрсетті. 25 тоннаға жуық тез бұзылмайтын азық-түлік өнімдері (жарма, консервілер, өсімдік майы және т.б.), ең қажетті тауарлар (су сүзгілері, ортопедиялық матрацтар, төсек жабыдықтары, киім-кешек, дәрі-дәрмектер, жеке гигиеналық заттар), құрылыс материалдары және тағы басқалар жөнелтілді.

– Атырау, Ақтөбе және өзге де өңірлеріміз де үлкен апат болып жатыр. Бұл да бір Құдайдың бізге берген сынағы. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ссындай кезде барша Қазақстан бір отбасының балалары секілді қолдан келгенше көмектесуге тырысып жатырмыз. Мұндай игі істер еліміздің ынтымағы мен бірлігін күшейте түседі. Президент айтып өткендей, күшіміз – бірлікте. Осы гуманитарлық көмекті жіберуге еліміздегі 36 ұлттың өкілі атсалысты, – деді ҚР ұйғырлар республикалық этномәдени орталығының төрағасы Абдулхалил Долкунтай.

ХАЛЫҚТЫҢ КҮШІ – БІРЛІКТЕ!

Еліміздің Қызыл ай қоғамының ұйымдастыруымен Ақтөбе облысындағы су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жіберілді.

Игі іске LCWaikiki, Colgate Palmolive компаниялары, төтенше жағдайлар және апаттар қаупін азайту орталығы, Қазақстандағы ЮНИСЕФ ұйымы атсалысты. Гуманитарлық көмек ретінде матрац, аяқ-киім, резеңке етік, күрек, құм салатын қашықтар, жаңа киім және жеке гигиеналық құралдар жіберілді. Ал жүкті тиеуге әскери борышын Алматыда өтеп жатқан жас сарбаздар, яғни Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы 5571 әскери бөлімінің жеке құрамы атсалысты.

Бірлігі жарасқан елдің жанашырлығы сыналатын шақта кәсіпкерлер, еріктілер, қоғамдық ұйым өкілдері белсенділік танытып, халықтың күші бірлікте екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Біз біргеміз!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,
педагогика ғылымының кандидаты, доцент:

«АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ»

Наурыздың 21-і күні ауылдағы ағамнан, әлеуметтік желіден «ауылдағы көпірді су бұзып кетіпті» деген суық хабарды естіп, қиналған едім. Артынан Ойыл, Қобда, Темір, Ырғыз, Мұғалжар аудандарынан осындай хабарлар келіп, видеодағы елдің жағдайын көріп жанымыз ауырды. Қазір телеарналардан тек қана Ақтөбе облысы емес, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Абай, Ұлытау, Маңғыстау облыстарын да қарғын су басып әбгерге салауда.

Халқымыз «Апат айтып келмейді» дейді. Ұлы даламыздың біраз өңірлерін су басты. Соңғы күндері жылаған аналардың үні, жылы ұясын аңсаған бала-шаға мен еңсесін көтере алмай тұрған халықты көргенде шын күйзелесің.

Дегенмен, бүгінгінің нағыз бастырлары – Елім деген ерлер, төтенше жағдай қызметкерлері, қарапайым халық, отандық бизнес

өкілдері, белсенді қазақ әйелдері, қоғамдық ұйымдар мен мектеп, ЖОО-ның басшылары, ұжымдары және алғашқылардың бірі болып бас көтерген студент-жастардан құралған еріктілер алғы шепке шығып, өз туған елінің шын жанашырлары, нағыз патриоттары екенін танытып жатыр. Бір күндік еңбек жалақыларын аударған еңбек ұжымдары да үн қатуда. Көріні мемлекет басшылары мен туысқан халықтар да алғашқы көмектерін жіберуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымы да мемлекеттік деңгейдегі ұлы істің қолдаушысы болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына орын алған келеңсіз сәтке орай Үндеу жолдап, ауызбіршілікке шақырды. Бұл да әр азаматтың қоғамдық санасына бір серпін беріп, халықтың жүрегіне сенім ұялатты. Су апатынан зардап шеккен халыққа, елдімекендерді қалпына келтіру жолында мемлекет тарапынан жасалатын қолдау мен көмектің өз деңгейінде болатынына басымдық беріп айтты. Бұл халықтың жағдайын түсінген нағыз ел Президенті деп білемін!



ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НАУҚАН

ТІРШІЛІК ҚАЗАНЫ

Алматыны асқақтатуға арналған шараға сіз де атсалысыңыз!

Алматыда 8 сәуірден бастап «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталғанын хабарлағанбыз. Мақсаты – алматылықтардың ниет-тілегін, күш-жігерін біріктіріп, туған қаланы таза әрі әдемі ету. Ол 8 мамырға дейін жалғасады.

Осы кезеңде қалалық аумақтарды жақсартуға және абаттандыруға бағытталған көптеген іс-шара өткізіледі. Науқан аясында бағдарламалық объектілерін, аялдама павильондарын, жол белгілері мен қаланың көше-жол желісінің басқа да инфрақұрылымын тазалау, жуу мен жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, көшелер, үйшілік аумақтар, балалар мен спорт алаңдары ретке келтіреді. Жасыл аймақтарды: саябақтар, өзендер мен көл аумақтарын тазалауға және тазартуға ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, мәдениет объектілері, тарихи орындар да назардан тыс қалмайды.

Бұл жұмыстың бәрін халық пен қала билігі бірігіп атқарады. Бірлескен әрекет, іс-қимылда берекет болатыны сөзсіз. Осынау ауқымды іс-шараға еліміздің медиа тұлғалары, эстрада жұлдыздары да атсалысып жатыр. Олар «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны туралы өздерінің Instagram парақшаларында да жазып, көпшілікті жақсы істің басына бірігуге шақыруда. Яғни музыкант Тұрар Ыдырыс, ҚР еңбек сіңірген артисі Бақтияр Тайлақбаев, «Кешью» тобының қыздары, «Мұз-Арт» тобының мүшесі Кенжебек Тұрсынбайұлы, Мөлдір Әуелбекова, Шоқан Маратұлы, Салтанат Құдайбергелі әлеуметтік парақшаларында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» акциясын қолдап, бейнероликтер мен сториздер жариялады.

Науқанның белсенді қатысушыларына арналған әлеуметтік желідегі хэштегтер: #АлматыБіздіңОртақҮйіміз, #БізКөппіз-ҚалаЖалғыз.

Әлішер КӘРІМОВ, әнші:

«Алматы қаласы әкімдігі қолға алған бұл игі бастамаға көпшіліктің қатысатынына сенімдімін. Қазір су тасқынынан зардап шекпеген аймақтар мен қалаларды тазарту мен абаттандыру маңызды екенін түсінуіміз керек. Осылайша біз тағы да азаматтық ұстанымды көрсетіп, еліміз бен қаламызға көмектесеміз».

Мұрат МҮТҮРҒАНОВ, цирк артисі:

«Құрметті достар! Бір ай бойы өзіміздің сүйікті Алматы қаласын ең таза және әдемі етіп таза ұстауға тиіспіз. Біз цирк әулетінің өкілдері ретінде тазалықтың қирктен бастадық. Егер сіз қаланы өзгерткіңіз келсе,

үйіңізден, кіреберісіңізден бастаңыз, содан кейін біздің қала ең әдемі болады. Біз – таза қала үшін!».

Ерболат ҚҰДАЙБЕРГЕН, әнші:

«Тазалық – табалдырықтан басталады» дейді қазақ. Ауланы таза және ұқыпты ұстау – бұл санитарлық талаптар ғана емес, сонымен қатар мәдениеттер мен тілдерді тоғыстыру».

Ермахан ИБРАИМОВ, бокстан Олимпиада чемпионы:

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына белсенді қатысыңыздар! Әр алматылық өзінің ауласын таза ұстап, көгалдандырса, Алматымыз ажарлана түседі. Қаламыз көркейе берсін, гүлдене берсін!»

Дмитрий БАЛАНДИН, Азия ойындарының үш дүркін чемпионы:

Қала аумағына ағаштар отырғызылып, жалпықалалық сенбіліктер ұйымдастырылуда. Қоғамдық орындар тазарып, ретке келтірілуде. Сіз бұл жобаға өз аулаңыздан тазарту арқылы да үлес қоса аласыз. Бәріміз бірге сүйікті қаламызды бұрынғыдан да жақсартайық!»

Назым ҚЫЗАЙБАЙ, бокстан екі дүркін әлем чемпионы:

Тазалық – денсаулық кепілі. Алматы – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан оның әрбір мүлкі таза ұстау, ұқыппен қарау – біздің міндетіміз.

АНА ТІЛІНДЕ ӘН АРНАДЫ

Музыкалық орындаушы Қазыбек Әдікей «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанын өткізіп, оған қазақ тілінде «Сүйікті Алматы» әнін жазып, оны Instagram-дағы аккаунтына жариялады.

Әнін Кентау Назарбек, сөзін Дәулет Құрманғалиев жазған. Әннің шумағы мен қайырмасында әнші Алматы қаласының негізгі көрікті жерлерін атап, олардың қаншалықты әдемі екенін айтқан. Олардың арасында Алатау, Көктөбе, Медеу, Шымбұлақ бар. Ән арқылы ол қала тұрғындарын қалыс қалмауға, сенбілікке шығып, аумақтарды тазартуға қатысуға шақырды.

Жазбаның астындағы пікірлерде жанкүйерлер әннің шабыт беретін айтып, жаңа әннің сәтті шыққанын жазды.

Естеріңізге сала кетейік, 8 сәуірде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталды. Әрбір тұрғын қаланы дамыту мен көркейтуге үлес қоса алады.

Барлық ақпарат almaty.kz сайты мен Алматы әкімдігінің әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында жарияланады. Сондай-ақ, қаладағы баннер, плакат және афишалардағы арнайы QR-код арқылы веб-сайтқа кіруге болады.



ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ МУЗЕЙ-ҮЙІ

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі ауласындағы гүлзар алаңқайының топырағын қопсытып, көшеттер отырғызылды. Шара «Гүл егіп, әлемді нұрландыр» акциясы шеңберінде өтті.

8 сәуірде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының басталғанын мәлімдеген болатын. Бір айға созылатын науқанның басты мақсаты – қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау құндылығын қалыптастыру, халық арасында жоғары азаматтық жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті тәрбиелеу, жеке экологиялық бастамаларды қолдау мен іске асыруға жағдай жасау.

Бүгін осындай іс-шара аясында Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі ауласындағы гүлзар алаңқайының то-

пырағын қопсытып, көшеттер отырғызылып аула тазартылды.

Іс-шараға еліміздің еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ұлықбек Есдәулет, журналист Қайнар Олжай, актер Байғали Есенәлі, композитор, әнші Қадырғали Көбентай, Алматы қаласы музейлер бірлестігінің басшысы Ләззат Сағындықова, тілші Қаракөз Сімәділ, ұстаз Аятжан Ахметжан, теле-журналист Мейрамбек Таубалдиев, күйші Толғанай Қасен, әнші Ділназ Бердалиева және музей-үйінің қоғамдық белсенділері, студенттер мен оқушылар қатысты.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Ұлықбек Есдәулет қала әкімдігінің «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты науқанын өткізу бастамасын қолдайтынын айтты. Оның сөзінше наурыз ежелден айналаны тазартуды бастайтын уақыт, мереке екенін атап өтті. Алматы қаласы музейлер бірлестігінің басшысы Ләззат Сағындықова мұндай науқан тек бір аймен шектелмей одан әрі жалғасатынын баса айтты.

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ІЗГІЛІК АКЦИЯСЫ

Алматыдағы «Қазақстан Жазушылар кітапханасында» экологиялық акция ұйымдастырылды. Науқанға белгілі қаламгер, шығармашылық өкілдері, кітапханашылар, студент-жастар, тұрғындар және т.б. қатысты.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының басты мақсаты – қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау құндылығын қалыптастыру, халық арасында жоғары азаматтық жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті тәрбиелеу, жеке экологиялық бастамаларды қолдау мен іске асыруға жағдай жасау.

Сонымен қатар, экоакцияға септігін тигізген ақын-жазушылар өз ой-пікірлерімен бөлісті.

«Алматы қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі сенбілікке шықты. Науқанға қосылып қаланың тәртібі, тазалығына бей-жай қарамайтынымызды білдірдік. Өзіміздің рухани астана, талай тағдырды кешкен, азаттықтың алтын бесігі болған, бәріміз үшін маңызды», – деді Крылов атындағы балалар кітапханасының жетекшісі Бақыт Беделханұлы.

Сонымен бірге, науқанға келіп қатысып, мегаполистің сұлу да таза бет-бейнесін сақтауға тырысатын жандар пайымдауларын ортаға салды.

«Алматы – әсем, сұлу әрі көркем қала. Шаһардың әр шаршы шақырымы әр қазақ үшін үлкен мән-мағынаға ие. Үнемі айтып жүреміз, еліміздің әр аумағы менің ұрпағымның, болашағымның меншігі саналады. Қаланы шырайын келтіріп ұстауға әрбіріміз міндеттіміз», – дейді ақын Алмас Ахметбекұлы.



ҚАЙНАҒАН ҚАЛА

ТӨңІРЕКТІ КӨРКЕЙТУГЕ ТАМАША БІР МҮМКІНДІК

Әрбір алматылық бір ай ішінде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанына қатысып, қаламызды көгалдандыру, қоқыспен ағаш жапырақтарынан тазартуға өз үлесін қоса алады.

«Мақсат – біздің сүйікті қаламыз одан да көрікті де әдемі болуы үшін жанашыр тұрғындарды біріктіру. Мәселе тек тазалық пен тәртіпте ғана емес, қоршаған ортамызға күтіммен қарауда», – деп атап өткен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев. Шаһар басшысы тұрғындардың әрқайсысын қаламызды дамыту мен абаттандыруға бағытталған жалпы іс-шараларға қатысуға шақырды.

12 сәуір – Адамзаттың ғарышқа тұңғыш самғаған күні. Мына қоқыс салғыш сол ғарышқа ұшқан зымыранды көз алдыға келтіреді. Осы көрініс атаулы күнді еске салса да, қоршаған ортаның тазалығы – мәңгілік қажеттілік. Олай болса, денсаулық кепілі болып келетін тазалықты сақтаудың маңызы қашанда зор.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, көктем – үй, аула, туған қаланың көшелерін жаңғырту және ретке келтіру кезі. «Іс-шараның мақсаты – қаламызда тазарту жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, бірлік рухын ояту, өскелең ұрпақты табиғатқа

ұқыпты қарауға тәрбиелеу, қала тұрғындарының назарын ластану мәселесіне аудару», – деп мәлімдеді Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Нұрлан Боранбаев.

Бір қарағанда, бұл шара тың идея сияқты көрінгенімен, бұрыннан бар дәстүрді жаңғырту көрінісі басым. Алматы 70–80-жылдары да мәдениеті тұрғындар шаңырағы болды. «Алматылықтар мен қала қонақтары тазалыққа ынтық өзіндік субмәдениет болды. Адамдар өз қаласын таза ұстап, ағаш егіп, оның дінгегін ағартуға тырысты, демек нақты бір генокод болды. Алматыда тоқайласқан барша жұрт ортақ идея мен ортақ мәдениетті тез бойына сіңірді», – дейді ECO Network жобасының негізін қалаушы Евгений Мұхамеджанов.

Мына тазалық шарасы – өткен тәжірибені біртіндеп жандандыру талпынысы. Алматы құрмеуі көп күрделі мегаполис екені рас. Бұл қалада тазалық тұрақы түрде сақталуы тиіс. Тұрақтылық – қоғам мәдениеттілігінің үлгісі. Бұл шаруаға шаһардағы өз ісін сәтті дөңгелетіп жатқан шағын және орта бизнес те сүбелі үлесін қосуда.

Соңғы аптада жалпықалалық, жергілікті сенбіліктер өтуде. Тау бөктерінде, тау сокпағында, өзен мен көлдің жағалауындағы тазалау шарасына ерекше көңіл аударылуда. Осылайша алматылықтардың назары қаланың табиғи байлығына ұқыпты қарауға аударылды. Сонымен қатар, бұл науқанда қала тарихына құрметпен қарауға баса көңіл бөлінбек. Ескерткіштер, тарихи және көрнекті орындар аумағы ретке келтірілуде. ҚХА этномәдени бірлестіктерінің өкілдері, ардагерлер ұйымдары, еріктілер тартылуда. Іс-шараның қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталады. Науқан «Қоқыстарды жеңу» шеруімен аяқталатын болады.

Акцияның мақсаты – бұл біздің қаламыз екенін, оның тазалығына бәріміз жауапты екенімізді еске салу. Осы арқылы алматылықтардың мәдениет деңгейіне көз жеткізу. Сондай-ақ, шаһардағы басты шараның айналасына біраз адамды біріктіру. Яки, онсыз да қолдауға тұрарлық шарапаты шаруаны еселеу, ауқымын кеңейту. Қолда бар жобалармен Алматының ахуалына едәуір әсер ету, тазалық арқылы нақты нәтижеге қол жеткізу.

Қоршаған ортаның ластануы мен тұрмыстық қоқыстар – бүкіл адамзат үшін экологиялық проблема. Тұтыну көлемінің артумен қатар, қалдықтар да көбейде. Экология және қоршаған орта басқармасының дерегіне, Алматыдан шығарылатын тұрмыстық қалдықтың көлемі – тәулігіне шамамен 1300 тоннаны құрайды. Өткен дегізетіні, қоқыстың көп мөлшері рұқсат етілмеген жерлерде шашылуы. Дегенмен, бұл науқан – әсем қаламыздың мәртебесін асқартып, шаһарымызды шырайландыруға туған тамаша бір мүмкіндік.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАРНАМАНЫҢ АЙТАРЫ КӨП

Мегаполистің барлық ауданында рұқсат етілмеген жарнамалар жойылып жатыр. Науқан аясында қолға алынған жұмыс қала келбетін көркейтуге үлес қосары сөзсіз.

Өуезов ауданындағы Кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту бөлімі «Алматы – біздің ортақ үйіміз» эконануы аясында рұқсат етілмеген жарнаманы жою мәселесі бойынша бизнес нысандарына түсіндіру

жұмыстарын жүргізді. Әкімдік қызметкерлері 251 нысанды аралады.

Түркісіб ауданында рұқсат етілмеген жарнаманы жою Жансүгіров, Бекмаханов, Іле трактісі, Шемякин көшелерінде жүргізіледі. Әдетте, рұқсат етілмеген жарнама дәмханалар, дүкендер және т.б. кәсіпкерлік нысандарының жанында орнатылады. Барлығы 200 нысан қамтылды.

Алатау ауданында рұқсат етілмеген жарнаманы жою үшін 100-ден астам адам, сондай-ақ 50-ден астам техника жұмылдырылды. Сонымен қатар, 3 бригада аялдамаларды бояумен және жуумен айналысады.

Жетісу ауданында Солтүстік айналма көшесі, Райымбек даңғылы, Рысқұлов даңғылы бойынша рұқсат етілмеген жарнамаларды жою жұмыстары жүргізілуде. Шамамен 30–40 адам атсалысады.

Наурызбай ауданында Жандосов көшесінің бойында кәсіп иелері 20-дан астам жарнамалық баннерді алып тастады.

Айта кетейік, барлық ақпарат almaty.kz сайты мен Алматы әкімдігінің әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында жарияланады. Сондай-ақ, қаладағы баннер, плакат және афишалардағы арнайы QR-код арқылы веб-сайтқа кіруге болады.

101 САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Өткен жылы күзде 100 мыңнан астам көпжылдық гүлдер отырғызылды.



Биыл Алматыда 24 субұрқақ қайта жаңғыртылады.



«Жасыл аула» науқаны аясында бір адамға 20 түп көшеттен беріледі.



Сәуір айының соңына дейін мегаполисте 6 мыңнан астам орындық пен 12 мың қоқыс жәшігі ауыстырылады.



Алматы жолдарының жалпы ұзындығы 3097 шақырымды құрайды.



ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НАУҚАН

ТІРШІЛІК ҚАЗАНЫ ҚАЙНАҒАН ҚАЛА

Алматыны асқақтатуға арналған шараға сіз де атсалысыңыз!



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Науқан аясында қала аудандарында орындқтар мен қоқыс жәшіктері де сырлана бастады. Кей ауданда қоқыс жәшіктерін ішінара ауыстыру көзделген. Барлығы 6438 орындқ пен 12627 қоқыс жәшігі боялып, 500-і ауыстырылады.

ОРИНДҚ ТА, ЖӘШІК ТЕ ЖАҒАРАДЫ

Медеу ауданында орындқтар мен қоқыс жәшіктерін 8 сәуірде күні бойы сырлау жоспарланған. Есентай өзенінің жағасында, Жамбыл бульварында, Назарбаев даңғылының шығыс жағындағы скверде, Қабанбай батыр мен Бөгенбай батыр арасында және «Дружба» скверінде орындқтар мен қоқыс жәшіктері сырланады. Барлығы 228 орындқ пен 228 қоқыс жәшігін бояу жоспарланып отыр. Бұл жұмысқа 50 адам тартылды.

Бостандық ауданында екі апта бойы аудан аумағында, көше бойында, саябақтарда, скверлерде және т.б. жерлердегі бульварларда орналасқан 2152 орындқ пен 3813 қоқыс жәшігін сырлау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бұған барлығы 12 бригада, 53 жұмысшы жұмылдырылды.

Алмалы ауданында сәуір айының соңына дейін 100-ге жуық адам мен 9 бірлік техниканы жұмылдырып, 4222 қоқыс жәшігі мен 1758 орындқ сырланады. Олар Гоголь көшесінде, Макагаев атындағы скверде және Северный скверінде.

Түрксіб ауданында алдағы 10 күнде Сейфуллин және Сүйінбай даңғылдары, Бұқтырма көшесі, Майлин көшесі бойындағы 100 орындқ пен 100 қоқыс жәшігін, сондай-ақ Сейфуллин атындағы сквер мен Сейфуллин атындағы саябақта сырлау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бұған 4 жұмысшы бригада, барлығы 40 адам, сондай-ақ 6 техника жұмылдырылады.

Наурызбай ауданында 750 көшедегі және аялдамаға қоқыс жәшігін сырлау жоспарлануда. Бұл жұмыс наурыз айының соңында басталды. Қазіргі уақытта олар 60% аяқталды. Сонымен қатар, 500 жаңа қоқыс жәшігін сатып алуға өтінім берілді. Жандосов, Дәулеткерей, Карьерная, Бекешев, Кенесары хан, Нәдіров, Әшімов көшелерінде, сондай-ақ Алатау даңғылында сәуір айының соңында ауыстыру және монтаждау жұмыстарын бастау жоспарланған.

Жетісу ауданында орындқтар мен қоқыс жәшігін сырлау жұмыстары басталды, сәуір айының соңына дейін барлығы 3514 қоқыс жәшігі мен 2200 орындқты 30 адам сырлайды. Сүйінбай, Рысқұлов, Райымбек даңғылдарында, сондай-ақ Солтүстік айналма жол бойындағы нысандар боялады.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЭКОЖОБА

«Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Алматы өңірінің тау қоғамдастығы Qazaq National Parks консорциумында және Алматы қаласы туризм басқармасының қолдауымен 2024 жылдың сәуірінен қыркүйегіне дейін өтетін жастарды экоарту жөніндегі жобаны жүзеге асыруда.

Жоба аясында 8 жастан 31 жасқа дейінгі 300 жас алматылықтар спорттық туристер достастығынан экотуристерді дайындау бойынша онлайн тренингтер өтеді. Жоба қатысушылары Turclub.kz туристік клуб басшысының бейне сабақтары арқылы тауда жүрудің тәртібін зерттейді. Оқушылар теориялық білімі қатысушылардың жасын ескеріле отырып, Алматы өңірінің түрлі орындарында ұйымдастырылатын экотурлар кезінде бекітіледі.

Дайындалған экотуристер (100 қатысушы) 1 маусымда басталатын және 2024 жылдың шілдесі айының соңына дейін жалғасатын «Менің қалам – Алматы» экспедициясына қатыса алады. Осы кезеңде тәжірибелі туризм нұсқаушылары басқаратын командалар барлау мен Үлкен Іле соқпағын салу мақсатында экспедициялық тапсырмалармен спорттық сапарға

шығады. Экспедиция қатысушылары тректер жасайды, фотосуреттер мен бейнелер түсіреді, маршруттарды сипаттайды, төлқұжаттар дайындайды, жаһандық маршрутқа енетін жолдарды абаттандыру үшін ең тартымды жерлерді анықтайды.

Ұйымдастырушылар болашақта Транс Іле соқпағы Маңғыстау арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы арқылы өтетін Транс-азиялық соқпаққа, сондай-ақ Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Моңғолия аумақтарына қосылып, Алматыға әлемнің түкпір-түкпірінен экосаяхатшыларды тартады деп үміттенеді.

Жоба «Алтын күз» үлкен туристік слетімен аяқталады. Биылғы жылдың 31 тамызы мен 1 қыркүйегі аралығында спорттық туристік бауырластықтың 150 мүшесі туристік көпсайыс бойынша дәстүрлі турнирге қатысады.

Конкурстық бағдарлама аясында қатысушылар «Менің қалам – Алматы» экспедициясының нәтижелерімен танысады. Жабьлу салтанатында ұжымдар мен жарысқа қатысушылар марапатталады.

Қатысушы командаларға сертификаттар, жеңімпаздарға ұйымдастырушылар мен демеушілерден грамоталар мен бағалы сыйлықтар табыс етіледі.

Жастарды экоарту жөніндегі жобаның мақсаты мен миссиясы – адамдардың табиғатқа ұқыпты қарауын, экотуризмнің тұрақты дамуына қатысты білімді, дағдыны және құндылықтарды дамытуға бағытталған экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

№	Аудан	Сақталатын орын/беру	Жауапты
	Алатау	Веселов көшесі, 18 «А»	Талғат +7 708 502 03 68
	Алмалы	Төле би көшесі, 67	Нұрдаулет +7 775 888 77 55
	Әуезов	«Мамыр-1» ш/а, 26/1	Бауыржан +7 707 008 09 13
	Бостандық	Тәжібаева көшесі, 155 «А»	Лидия +7 777 684 99 44
	Жетісу	Тихов көшесі, 87 «А»	Нұрберген +7 747 772 74 78
	Медеу	Пушкин көшесі, 72	Абылай +7 778 111 55 44
	Наурызбай	Байсұлтанов көшесі, ½	Оналбек +7 707 300 03 55
	Түрксіб	Шолохов көшесі, 9	Болат +7 747 139 93 60

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«ҚОҚЫСТЫ КОФЕ/СНЭККЕ АЙЫРБАСТА» науқаны басталады

Аталмыш іс-шара – көпшілікті купондар сияқты сыйлықтарға айырбастау үшін қалдықтарды жинауға және қайта өңдеуге тапсыруға ынталандыратын экологиялық бастама. Қалдықты қайта өңдеу мәселесі мен маңызды туралы қоғамды хабардар етуге бағытталған науқан 2024 жылғы 15 сәуір – 8 мамыр аралығында өтеді.

Байқауға Алматы қаласының барлық тұрғыны мен қонағы қатыса алады. Қатысушыларға мақұлатура, пластикалық бөтелкелер, алюминий банклар, шыны бөтелкелерді камтитын қайта өңдеуге арналған қайта өңделетін заттардың белгілі бір мөлшерін өз бетінше жинау ұсынылады.

Бұдан әрі жоғарыда аталған материалдар қайталама шикізатты қабылдау пункттеріне келесі мекенжайлар бойынша тапсырылады:

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҮЗДІКТЕР БАЙҚАУЫ

Алматы қаласы әкімдігі «Үздік аула, үздік гүл отырғызушы, коммуналдық қызметтің үздік қызметкері» номинациясы бойынша байқау жариялады. «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында ұйымдастырылатын байқау 2024 жылғы 10 сәуір – 7 мамыр аралығында өтеді.

Іс-шара тұрғындардың қала аумағын күтіп ұстау, абаттандыру және көгалдандыруды жақсарту жөніндегі бастамаларын дамытуға бағытталған. Конкурста Алматы қаласының барлық тұрғындары мен мекемелердің (ұйымдардың, кәсіпорындардың) басшылары қатысуға құқылы. Байқау жеңімпаздары 1, 2, 3-ші дәрежелі дипломдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау қаланың 8 ауданының әрқайсысында үш бағыт бойынша өтеді. Атап айтқанда, көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары арасында «Үздік аула» және «Үздік гүл отырғызушы» анықталады. «Коммуналдық қызметтің үздік қызметкері» атағы үшін мүлік иелері бірлестіктерінің тазалаушылары, сондай-ақ көппәтерлі үйлердің ортақ мүлкін күтіп-ұстау бойынша қызметтер көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері қатыса алады.

Қатысуға өтінімдерді 2024 жылғы 24 сәуірде дейінгі мерзімде орналасқан аумағы бойынша аудан әкімі аппараттарының коммуналдық шаруашылық бөлімдері қабылдайды.

Байқауды өткізу ережелерімен Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uzh/documents/details/641894?lang=ru>

Конкурста қатысушыларға бояуды беру бойынша жан-жақты көмек көрсетілетінін қосымша хабарлаймыз. Бояу материалын алу үшін мына мекенжайлар бойынша хабарласу қажет:

№	Қабылдау пункттері	Мекенжайлар
1	Ecosen	Байзақов көшесі, 73/1
2	Ecosen	Розыбакиев көшесі, 247/3
3	Ecosen	«Нұркент» шағынауданы, 7/1
4	Kazakhstan Waste Recycling	Тимирязев көшесі, 81/3 дүңгіршек
5	Kazakhstan Waste Recycling	8-ші шағынауданы, 58 А
6	Kazakhstan Waste Recycling	«Самал-1» шағынауданы, 32 дүңгіршек
7	Kazakhstan Waste Recycling	«Ақсай-3» шағынауданы, 1А/1

*** Мекенжайлар толықтырылады және өзгерістер болуы мүмкін

Әрбір өткізілген материалды бес түрлі купонға айырбастау ұсынылады: пицца, гамбургер, кофе, донер және додстер купоны. Әрбір купонда науқанға қатысатын тамақтану орындарының мекенжайы бар өзінің бірегей промокоды болады.

Қайта өңделетін заттарды мына шартпен купонға айырбастауға болады:

- Кофеге айырбастау үшін 5 кг мақұлатура (қағаз, картон);
- Гамбургерге 3 кг пластикалық бөтелке (ПЭТ бөтелкелері);
- Донер немесе додстерге айырбастау үшін 1 кг алюминий банка;
- Пицца купонына 10 кг шыны бөтелке.

Науқанның серіктестері – фаст-фуд желілері: Salam Bro, DodoPizza, Gippo, Degirmen.

Естеріңізге сала кетейік, 8 сәуірде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны басталды. Әрбір тұрғын қаланың дамуы мен абаттандырылуына өз үлесін қоса алады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Барлық ақпарат almaty.kz сайтында, Алматы әкімдігінің әлеуметтік желілерінде орналасқан. Сондай-ақ, веб-сайтқа арнайы QR-код арқылы қала бойынша орналастырылған баннерлерде, плакаттарда және афишаларда кіруге болады.

Науқанның белсенді қатысушыларына арналған әлеуметтік желідегі хэштегтер: #АлматыБіздіңОртақҮйіміз, #БізКөппізҚалаЖалғыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



С.НҰРМАҒАМБЕТОВ – 100

Биыл бар ғұмырын елінің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласын нығайтуға арнаған әскери қайраткер, Кеңес Одағының батыры, Халық Қаһарманы, Армия генералы, ҚР тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтың туғанына – 100 жыл!
Елімізде ұлт батырының мерейтойына орай бірқатар шаралар, бірнеше әскери-тарихи конференция өтті.
Алматыдағы «Қазақстан офицерлер одағы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған іс-шараға Халық қаһарманының көзін көрген әскери қайраткерлер мен генерал-майорлар және Бауыржан Момышұлы атындағы №131 мектеп-лицейдің оқушылары қатысты. Конференцияның басында Армия генералының өмірі мен ерлігі жайлы деректі фильм көрсетілді.



(Дереккөз: mastihat-almaty.kz)

ЕРЛІГІ ҰРПАҚҚА ҰРАН САҒАДАТ



«Офицерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, отставкадағы генерал-майор Махмұт Телеғұсов сөз сөйлеп, есімі төл әскеріміздің тарихымен бірге аталатын Халық қаһарманының ерлік жолы әрдайым үлгі екенін жеткізді.

– Сағадат Нұрмағамбетовтың мерейтойын Қарулы Күштер саласында ғана емес, республика бойынша ауқымды түрде атап өту қолға алынды. Бұл жұмысқа Алматы әкімдігі де атсалысып жатыр, – деді «Офицерлер одағы» ҚБ төрағасы, отставкадағы генерал-майор Махмұт Телеғұсов.

Конференцияда сөз сөйлеген генералдар мен офицерлер ҚР бірінші Қорғаныс министріне басқа елдердің де әскери ведомство басшылары үлкен құрметпен қарағанын айтып өтті. Сағадат Нұрмағамбетов әскери кадр мен қару-жарақтың негізін сақтап, дербес армия құру үшін база құрды. Оның тағдыры мен ерлік жолы ұрпаққа өнеге. Ел тәуелсіздік алған жылдары ол елдің әскери құрамын жасақтап, әскери құрылымның дамуына сүбелі үлес қосты.

Халық қаһарманы жайлы біраз еңбек жазылды. Әскери өмірі 1942 жылы басталған. Сол жылы әскер қатарына шақырылып, Түркіменстандағы училищеде білім алған. Оқуды сәтті тәмамдағаннан кейін 1943 жылы

сәуірде майданға аттанады. 1-Беларусь майданында, Солтүстік Кавказ, Украина, Молдавия, Польша, Германия майдандарында соғысқан. Пулемет взводын, ротаны, 5-екпінді армияның атқыштар батальонын басқарды. Гитлер канцеляриясын шабуылдауға қатысты. 1946 жылы Әскери академияны, 1981 жылы Бас штаб академиясын бітірді. 1950–1989 жылдары Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі әскерлері бастығының орынбасары, Оңтүстік әскер тобы (Венгрия) бастығының бірінші орынбасары. 1990 жылдан ҚР соғыс, еңбек және қарулы күштер ардагерлері Кеңесінің төрағасы, 1991-1992 жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы. 1992–1995 жылдары ҚР Қорғаныс министрі, Армия генералы. 1996 жылы ҚР Президентінің кеңесшісі. КСРО, Ресей, Украина, басқа да мемлекеттердің ордендерімен марапатталған. Әскери саланың жүйесін реттеп, әскери оқу орындарын жаңғыртып, білікті кадрларды дайындауда бар күшін салған тұлға қандай марапатқа да лайық.

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің әскери институтында «Әскери ғылымды дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияға Ауған соғысының ардагері, ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Бақытбек Смағұл, Германия дипломатиялық корпусының өкілдері, Қазақстан Республикасының күштік құрылымдарының жоғары оқу орындарының курсанттары, Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық «Жасұлан» мектебінің тәрбиеленушілері және қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары қатысты. Әзербайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Қырғыз Республикасы және Беларусь Республикасы сияқты ТМД елдерінің қатысушылары үшін конференцияның онлайн-форматы ұйымдастырылды.

Пленарлық отырыс барысында Ауған соғысының ардагерлер қоғамының төрағасы Бақытбек Смағұл Құрлық әскерлер Әскери институтының әскери қызметшілерін «Сағадат Сардар» медалімен марапаттады. Конференцияға қатысқандарға сертификаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

«Сардар» оқыту курсы

Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың тапсырмасымен биыл алғаш рет Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының «Әли» оқу-жаттығу орталығында оқуды аяқтайтын курсанттарға арналған «Сардар» бақылау-кешенді курсы ұйымдастырылды.

Іс-шараның ашылуына Қарулы Күштер Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы, генерал-майор Асан Жүсіпов, жоғары оқу орнының басшылығы, профессорлық-оқытушылар құрамы және Қарулы күштердің ардагерлері қатысты.

– «Сардар» оқыту курсы көшбасшылық қасиеттерді нығайтуға, нұсқаушы-әдістемелік дағдыларды жетілдіруге, болашақ офицерлердің кәсіби шеберлігі мен күш-қуат деңгейін арттыруға бағытталған. Сендер жүктелген барлық міндеттерді орындайсыңдар, елдің сенімді тірегі боласыңдар деп сенемін, – деп атап өтті курс жетекшісі, генерал-майор Асан Жүсіпов.

Сеніп тапсырылған бөлімшелерді басқару және оларды жауынгерлік қолдану міндеттерін орындауға базалық дайындық барысында білім сапасы мен қажетті дағдыларды игеру тексеріледі.

«Сардар» курсы төрт кезеңде өткізіледі. Оқуға 291 оқу сағаты бөлінген. Нормативтерді пысықтау кезінде сабақтардың 30 пайызы түнгі уақытқа жоспарланған.

Курс аяқталғаннан кейін болашақ офицерлер оқытудың негізгі пәндерінен бағдарлама көлемінде кешенді емтихан тапсырады. Курсанттарға «Сардар» курсының аяқталғаны туралы куәлік беріледі. Құжатқа бағалау ведомостарынан үзінді көшірме қоса беріледі. Бұл деректер курсанттарды Қарулы Күштер бөлімшелеріне офицерлік лауазымдарға бөлу кезінде ескерілетін болады.

Курсты сапалы өткізу үшін қажетті оқу-материалдық база дайындалды. Сабақтарды тәжірибелі маман-нұсқаушылар өткізеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 2 күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жойды.



Сағадат батыр басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтіп, 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет орналасқан жерді қиратады.



Сағадат Нұрмағамбетовке 21 жасында Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.



Ол 1945 жылы Берлинде 100-ден аса Гитлер әскерінің көзін құртып, 9 фашист бекінісін жойып, әрі 1560 жау әскерін тұтқынға алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақытбек СМАҒҰЛ,
Ауған соғысының ардагері, қоғам қайраткері:

Біртуар тұлға

Биыл Қарулы Күштер қызметкерлері үшін өте маңызды жыл болғалы тұр. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдық мерейтойы барлық өңірде аталып өтуде. Қазақстан ардагерлері қауымдастығымен бірлесіп түсірілген фильмде батырдың тұлғасы жайында көп нәрсе айтылады. Сағадат Нұрмағамбетовтың өмір жолын, артында қалған ұлы мұрасын кейінгі жас толқынға өнеге ету – бүгінгінің парызы. Даңқты қолбасшының еңбектері мен ерлігі ұрпақтарының есінде мәңгі сақталады.

Генерал Нұрмағамбетовтың әскери дәрістерінде ең бастысы темірдей тәртіп пен бұйрықтың мүлтіксіз орындалуына әркез маңыз берілетін. Әскери қызметті таңдайтын жастар осыны санаға сіңіруі керек.

Бүгін өтіп жатқан конференция ғылыми-практикалық болғандықтан, ғалымдар мен қатысушылар оның жазған кітаптарынан, ол туралы жазылған еңбектерден, естеліктерден көп тағылым алады деп ойлаймын.



● БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

Төртінші қазақ ғарышқа неге ұшпады?

Кешегі кеңестік заман құпиясының қалыңдығы сондай, жасырын қала үлгісіндегі елдімекендер көп болды. Курчатова, Байқоңыр, т.б. жалғасып кете барады. Тіпті, бүгінгі Байқоңыр қаласының атауы – Қызылорда облысының Қармақшы ауданы аумағындағы Ленинск қаласы. Кеңес өкіметі өшкенше, картаға түспеген қала.

АА

Айнабай
МӘДИ

Азық-түлік, киім-кешектің неше түрі сөреде тұратын қала. Бұл қалаға кіру қиын. Арнаулы рұқсаты барлар кіре алады. Сонда болса, маңайдағылар жолын тауып, тиіп-қашып, жасырын жолдармен қалаға кіріп тұратынын білемін. Мәскеуге тікелей бағыныстағы шағын шаһар. Жанында сұрқы қашқан Төретам теміржол бекеті бар. Тасымал өткелі болса-дағы, ғарыштың көк тиын пайдасы тимеді. Кеңестік империяның соңғы жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекетіндегі» елдімекен – осы.

Ал Байқоңыр атауының қалай пайда болғанын наурыз айындағы санының бірінде «Ақшам» бетінде жазғанбыз. Ел аузындағы әңгімеде Қоңыр – Ұлы Жүздің бас биі Бәйдібектің екінші қызы, біздің бабамыз Әлім-Шекті-Кішкененің әйелі. Байқоңыр – бұл жұптың бақытын тапқан,



(Фотодереккөз: kaz.365info.kz)

мал-жанын өсіріп, орбиткен берекелі мекен болғандықтан, Қоңырдың жері «Байқоңыр» деп аталғаны анық.

Қоңыр шешеміздің отбасы жайлаған мекен, бұл маңай – жұмыр Жердің кіндігі іспетті. Бұрынғырақ апта, кейін ай сайын көкті жарып, ғарыш зымыраны ұшырылады. Әр ұшқан сайын аумақтың ауа райы күрт өзгереді. Қара дауыл басталады кеп.

«Роскосмос»-тың әлі күнге табан тіреп, «Байқоңыр» кешенінен кетпеуінің мәнісі – қазақ-ресей мемлекетаралық

келісім-шартына сай пайдаланылуында. Дегенмен, ғарыш алаңына ие болғанмен, қазағым баяғыдай бөркін аспанға атып, қуана бермейді. Үміттен гөрі күдік басым. Өйткені, «біреуге – пайда, біреуге – залал» дегендей, күннен-күнге маңайдың экологиялық ахуалы нашарлауда, ауру-сырқау көбейген. Бұл – басы ашық ақиқат.

Бір кезде «Байқоңырдан аспанға ұшты Юрий Гагарин...» деп өлеңдеткеніміз бол-маса, үйіміздің іргесіндегі ғарыш қалашығы туралы әңгіме ашық айтылмайтын.

Кеңес Одағының қарапайым халқы ғарыштың «Жұлдызды қалашығын» Мәскеу маңында деп білгені де рас. Баспасөзде осылай жазады: «Мәскеу. Жұлдызды қалашық...».

Айтпағымыз, қазағымнан да ғарышқа ұшқандар бар. Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов – еліміздің даңқын асырған ғарышкерлер. Біздің бір айпағымыз, ғарышқа жолы болмаған ғарышкер Мұқтар Аймахановтың жайы. 1967 жылы туған жігітағасы. Еліміздің «қаржысы жетпей қалғандықтан» бұл жігіттің ғарышқа жолы болмады. Өттен дейсің...

Осыдан он жылдай бұрын бұл жігіт біздің «Ақшамда» қонақта болып, сұхбат берген. Сұхбаттасқан – әріптесіміз, марқұм Құттыбек Аймахан. Байқоңырдың, дәлірек айтқанда, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тумасы. Біз қазақы жігіттің ғарышқа жолы болмағанына қатты қынжылдық. Төрт жыл сынақтан өтіп, жеңе-жеңе келгенде «сәт» келмеді. Аңсаған арманның орындалмағаны өкінішті, әрине. Осыдан екі жыл бұрын Мұқтар «Жұлдызды қалашықпен» біржолата қоштасты.

Ғарышкерлер күнінде осындай көңілсіз жәйтті де еске алуға тура кеп тұр. Амал нешік. Таяуда әлеуметтік желіде ғарышқа ұшқан Ю.Гагарин емес, «Лайка», «Стрела» есімді иттер де емес, Сәуле мен Бөгенбай есімді қазақтар екендігі айтылып қалды. Өзіл-қалжыңсыз ба деп қалдық. Кеңес өкіметінің Байқоңырдың өзін жасырғанына қарағанда, қос қазықтың тұңғыш ғарышты бағындырғанына таңқалмаймыз. Мереке құтты болсын, отандастар!

● 15 СӘУІР – ҒАШЫҚТАР КҮНІ

МАХАББАТ – ҚОС ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ

Жыл сайын елімізде 15 сәуір – Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні ретінде ғашықтар мерекесі болып аталып келеді. Мерекенің шығу тарихы XIV-XV ғасырлардағы Қозы Көрпеш – Баян сұлу махаббаттарының символына негізделген.

АА

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Хакім Абай «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, көзбен көр де ішпен біл» депті. Қандай ғажап айтылған сөз десеңізші. Әлемді тербеп, ғаламшарды мейірімге бөлеп тұратын да осы құдірет. Егер бағалай білсек – қасиет, ал қадірлей білмесек – қасирет. Сондықтан барынша ұқыпты, жауапты болған абзал деседі шайырлар.

Кейде зер салып қарасаңыз, жалғыз жүріп, қу бастың қамын ойлап, бір қарынды тойдырып жүре берудің қажеті шамалы екен. Түптің түбінде адам оқшауланудан шаршайтын көрінеді. Есті адамға бұл дүниенің барлық қыр-сырын біліп, қызығып сезіп, қадірін түсінген жөн. Сонда ғана жүрек мұз болып қатпайды. Соның баршасын екінші жартымен тату-тәтті көргенге не жетсін?!

Бұл жалған дүниеде теңін таппай жүргендер бар. Көбісі таба алмай әуре-сарсаңға түседі. Ол үшін әуелі көңілдің құлпын ашқан оң болар. Содан кейін барып бірте-бірте бауыр басы басталатын сияқты.

Сүйген адам сыйлайды

Қазір жастарға жетіспейтін бір қасиет – өзара сыйластық. Неғұрлым бір-біріңді сыйлай білсеңіз, соғұрлым қадір артты. Өйтпесің, бәрі далбаса. Сол себепті, сүйген адам сыйлай біледі демекпіз.

Қазақта «ұлды тоқшылық, қызды жоқшылық бұзады» дейтін тәміл бар. Бекер сөз емес-ті. Алып қала ешкімін көз жасына қарамайды. Барынша мықты болу шарт. Егер осалдық танытсаңыз, сүрініп кету ғажап емес. Айтпағымыз, жастар тұрмыс тауқыметімен арпалысып жүріп, жұмысын жасап, сүйгенін тауып, аяулы жарға айналады. Бәзбіреулер бұл сезімді түсінбей өтіп жатыр. Сондықтан сүйгеніңмен бірге болып, оң-солынды танып, отбасы бақытына жетуге бұйырты-сын!

Үлкендер жағы той-жиында тілек айтқанда: «сыйластықтарыңыз арта берсін», «бір жастықта қартайыңыздар» деп лебіз білдіреді. Түсінген жанға осы сөздердің астында талай сыр жатыр ғой...

Мәңгілік ізет білдірген абзал

Алғаш рет Шардараға қарай жол түсті. Ол кезде сту-



(Фотодереккөз: Massaget.kz)

дентпіз. Бағыт – Құрбан досымның үйі. Шырайлы оңтүстік шіркін жайнап тұр ғой. Мен оның ата-анасымен таныстым. Үш баланың сүт кенжесі екен. Өзі өте тәрбиелі, еңселі, жүзінен нұры төгілген ақкөңіл жігіт. Спорт саласында оқыса да, домбыра мен гитарада ғажап ойнайды. Қазақтың әндерін ғажап тартады әрі шырқайды.

Осындай сегіз қырлы, бір сырлы қасиет қайдан десем, ата-анасынан дарыған екен. Ол кісілер бір көрінгеннен жылы қабақ танытып, ыстық шәй, тамақ беріп, әңгіме-дүкен құра жөнелді. Іштей қобалжып, әр сөзімізді бағып қоямыз. Жастықпен арагидік әрнәрсені де сұраған болармыз. Осылайша ел-жер сұрасып, жақын аралас-құралас болып, аптаға жуық уақытты керемет өткізіп, Түркістанға оралдық.

Сол Шардара сапарынан ойымда қалған бір көрініс – досымның анасы дайындаған сорпа еді. Жұбайы отағасы жайғасқан дастарханға ет пен сүйегін бөлек, сорпасын өз алдына ажыратып әкелді. Ер-азаматқа деген ізетті онша-мұнша жерден көрмеген бізге бұл көрініс ерекше әсер қалдырды. Мұның астарында ерлі-зайыптылар арасындағы өзара үлкен ізет пен құрмет жатыр ғой.

Жатақханада жүрген кезімізде де Құрбан досымның ата-анасының араларындағы құрмет-сыйластықты, ізетті сан рет

байқап, іштей риза болдым. Ара-арасында болашақ отбасы туралы досыммен тілдесе қалғанда, ол анасына ұқсайтын қыз жолықтырғысы келетінін айтатын. Бүгінде тілеуі қабыл болып, дәп сондай жан жолықтырып, бақытты-баянды ғұмыр сүріп келеді. Мың тәубе, ұзағынан болсын.

Біз шығармашылық адамы болып саналамыз. Сондықтан тіршіліктегі елеулі детальдің бәрін байқап, аңғарып, ой елегінен өткізіп жүреміз.

Махаббат қызық, мол жылдар...

Біз махаббатты романтикалық сезім ретінде көреміз. Рас, солай болар. Алайда, ақын Мұхтар Шахановтың тілімен айтқанда, «махаббат, ол – қос жүректің лүпілі». Яғни ғашық жандардың жүрегін тербейтін әсем сезім.

Бұл дүниеде біз білмейтін, біз көрмейтін, біз көзге іле бермейтін құнды дүниелер бар екен. Яки, ол – өзіне жақын адам. Сіз сүйген, сізді сүйген жан. Осы сөздердің мағынасын түсіне алмай дал екенбіз. Халық даналығы «бағалай білгенге бақ қонар» дейді. Қандай ғажап сөздер десеңізші?!

Махаббатты жай сөзбен шатастыра алмас едік. Бұл – ұлы сезім. Әрине, махаббат – Отанға, ата-анаға деп жіктеле беруі мүмкін. Десек те, ең тәттісі, ең айрықшасы, ол – екі жастың алау сезімі. Сүйген жандар қолда барды қадірлей білгені абзал.

Кеудеден кетсін күйік мұң

Жаныңды жығға бөлеп, өзіне шақырып тұратын бір тылсым бар. Оны біреу сезсе, ендігі біреу қадірін сезіне алмай мүмкін.

Ғашықтық дастандар сыры тұңғық, мұның сыны, түпкі ойы бір бөлек. Өзіміздің Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, шығыстың Хұсрау мен Шырыны, батыстың Ромео мен Джульеттасы, бәрі-бәрінің тарихы бір. Яғни махаббат лирикасын жырлайды. Әрқайсысының артында махаббат хикаясы жырланады. Көрдіңіз бе, дүниені нұрландырып тұрған ғажаптық. Егер махаббатты жолықтырсаңыз, бағаланыңыз. Барша ақын-жазушылардың шығармашылығына арқау болған адамзаттың асыл жақұтын жоғалтпаған жөн.

«Арманым болып орындалшы» дегендей, қанатты сөздерді маржандай тізе беруге болар еді. Мұны түсінетін жандар – шын ғашықтар. Байқасаңыз, ұдайы кеуде алаулап тұратын да – махаббат. Жүректің қылын шертіп, кейде мазала бермейтін де осы.

Бұл ғаламда армансыз адам болмас. Бірақ сезімнің сиқырына түсу әркімге бұйырмаған. Көп жұрт есеппен де бас қосып жүреді. Шынайы ғашық жандар ондайдың бірине де қарамайды. Табаны шоқ басып, жұмыр басы қатпаған, оның не екенін қайдан білсін?!

ТҮЙІН: Махаббатты әлемдегі ешбір құндылықпен өлшемес едік. Махаббат – ол қос жүректің лүпілі! Екі сүйген жанның арасын одан әрі нұрландырып тұратын нәрсе – өзара құрмет, ізет, сыйластық.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ЖОБА

Алматыда 2024 жылдың 5 ақпанынан бастап Аманат партиясының бастамасымен «Қарызсыз қоғам» жобасы жүзеге асырылуда. Мамандардың айтуынша, жыл басынан бері 2000-нан аса қатысушы қаржылық сауаттылық бойынша сертификат алды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырма аясында бағыт алған тегін курстар бүгінде Алматының барлық ауданында өтіп жатыр.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мегаполисте жоба басталғаннан бүгінгі күнге дейін 6 топ оқытылып, барлығы 1838 қатысушы қаржылық сауаттылық бойынша білім алған. Олар өткен аптада 7-ші лек қатысушыларына ресми түрде сертификаттар табыстады. Сертификаттарды салтанатты тапсыру рәсіміне Аманат партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қуаныш Төлепов және Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айхын Жинкұлов қатысты.

– «Қарызсыз қоғам» жобасы өткен жылы пилоттық жоба ретінде қолға алынған болатын. Бүгінгі күнге дейін еліміздің 8 өңірінде 65 мың адам оқытудан өтті. Міне, бүгін

ПАЙДАСЫ ЗОР ЖОБА

Алматыда қаржылық сауаттылық бойынша тегін сабақтар өтіп жатыр

7-ші лектің 5 күндік оқулары аяқталып, қала бойынша 400-ге жуық қатысушыларға «Жеке қаржыны басқару» курсынан өткенін растайтын сертификаттар табыстадық. Жалпы, бүгінге дейін оқудан өткен 7 топты сараптай келе байқағанымыз, тұрғындар арасында қаржылық сауаттылық төмен болу себебінен, түрлі алаяқтық әрекеттерге ұрынып жатады. Несие алу, несие беруде де көптеген сәтсіздіктерге ұшырайды екен. Міне, осы бағытта біздің сарапшыларымыз тұрғындарға қаржылық сауат деңгейін өсіруді, қарызсыз өмір сүруді, өз қаражатын басқару, сақтау және көбейтуді үйретуде. Олардың жеке сұрақтары бойынша қаржы мамандарынан және заңгерлерден кеңес алуда, – дейді Қуаныш Төлепов.

Жобаның мақсаты – білім беру жобасын кеңейту үшін мемлекеттік органдардың кешенді ынтымақтастығы, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруға ынталандыру, азаматтардың сапалы қаржылық консультациялар алуына жағдай жасау, қаржылық сауаттылық жөніндегі мамандарды даярлау үшін оқу-әдістемелік база мен ресурстар құру, орта және жоғары оқу орындарына қаржылық сауаттылық элементтерін енгізуге жәрдемдесу болып табылады.

Мамандардың айтуынша, жалпыұлттық бағдарламаның қаржылық алаяқтықты азайтуға, қарыздың шектен тыс жиналуын болдырмауға және жалпы қаржылық мәдениетті жетілдіруге пайдасы зор.

– Азаматтар жоба аясында тек қаржылық сауаттылықты арттырып қана қоймай, туындаған мәселені шешу бойынша да білім алады. Сондай-ақ, мұнда өз кәсібін ашықсы келіп жүргендерге де бағыт-бағдар беріледі. Қазір несие алып, оны қайтара алмай жүрген азаматтар көп. Біз осындай қиын жағдайға түскен жандарға тығырлықтан шығудың жолдарын қарастыруға көмектесеміз. Сабақ аптасына 5 күн, қазақ және орыс тілдерінде өтеді. Алматы қаласы әкімдігі мен Аманат партиясының қолдауымен өтіп жатқан курстардан 2000-нан астам алматылық сертификат алды, – дейді Алматы қаласы бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасының менторы Асима Сұлтанова.

Айта кетейік, тегін курс жыл бойы мемлекеттік органдармен бірлесіп қаржы сарапшыларын тарта отырып ұйымдастырылады. Мамандардың айтуынша, биыл жыл соңына дейін Алматы қаласы бойынша 12 мың адамды, апта сайын 400 қатысушыны қамту жоспарланып отыр.

ҚОР

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС

Қоғамдағы осал топтардың мүддесін көздейді

Елімізде 2005 жылдан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры атынан жұмыс істейтін азаматтар үшін әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша деңгейін қамтамасыз ететін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді. Жүйе жұмыс істеген жылдары оған қатысушылар саны шамамен 7 млн адамға жеткен. Ал Алматы қаласы бойынша – 991 мың тұрғын.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Енді Әлеуметтік кодекс қабылданғалы, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап әлеуметтік сақтандырумен қамту жаңа санатпен кеңейтілді – жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды ертіп жүретін жеке көмекшілерді, ал 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жүйе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғаларды қамтиды.

Жүйенің қаржылық ресурстары жұмыс берушілердің өз қаражаты есебінен жұмыскерлер үшін төлейтін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдар да өздері үшін әлеуметтік аударымдар төлейді. Заңнамада қызметкердің табысының 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдардың белгіленген ай сайынғы мөлшерлемесі нақты шектеулермен – бір ең төменгі жалақыдан (ЕТЖ) кем

емес және 7 ЕТЖ артық емес болып белгіленген. Яғни 2024 жылы ЕТЖ 85 000 теңге болғанда әлеуметтік аударымдардың ай сайынғы ең төменгі мөлшері 2975 теңгені құрайды, ал аударымдарды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген кіріс – 595 000 теңге, Қорға 20 825 теңге төленуге жатады.

Биылғы қаңтардан бастап Үкімет шешімімен еңбекке қабілеттілігінен айырылуы және асыраушысынан айырылуы бойынша ұзақ мерзімді төлемдердің мөлшері

тағы да 7%-ға арттырылды. Қолданыстағы ақпараттық жүйелер төлемдер мөлшерінің артуына байланысты автоматты режимде, яғни азаматтардың қандай да бір қосымша құжаттарды беруін қажет етпестен қайта есептеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Қордан келесі әлеуметтік төлем жұмысынан айырылу жағдайы бойынша жүйеге қатысушыға жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап тағайындалады. Айта кетейік, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап төлем

мөлшерін есептеу үшін қолданылатын кірісті алмастыру коэффициенті 40%-дан 45%-ға дейін ұлғайтылды. 2023 жылы қала бойынша бұл төлемді 5,2 млрд теңге сомаға 16,5 мың адам алды. Жүктілікке және босануға, Қордан жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем жүктілігі және босануы бойынша берілген демалыстың барлық күндеріне тағайындалады. Былтыр қалада осы біржолғы төлемді 35,3 млрд теңге сомаға 27,9 мың болашақ ана алды.

Сонымен қатар, аталған кезеңде қалада 54,7 мың адам бала күтіміне байланысты кірісінен айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем алушы болды, оларға Қордан 30,9 млрд теңге төленді. Бұл төлемнің ұзақтығы – балаға ақылы күтім кезеңі 2023 жылдың қаңтарынан бастап бір жылдан бір жарым жасқа дейінгі ұзартылды.

Осылайша Алматы қаласы бойынша төлемдердің 90%-ы ана мен баланы қолдау мақсатында жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге «Үйден шықпай-ақ» жүгіну үшін жағдай жасалуда. «Бір терезе» қағидаты бойынша композиттік қызметтер іске асырылуда. Мысалы, еңбекке қабілеттілігінен айырылуы бойынша төлемді медициналық-әлеуметтік сараптама арқылы, мүгедектігі анықталған кезде бірден, жұмысынан айырылуы бойынша төлемді – мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген кезде немесе ebek.kz «Электрондық еңбек биржасы» порталы арқылы алуға болады. Егер мансап орталығында тіркелген болса, онда өтініш беру үшін eGov.kz «Электрондық үкімет» порталы қолжетімді.

Отбасының цифрлық картасын енгізумен проактивті нысанда төлемдерді тағайындау өзекті болып отыр, тек төлем алу құқығын іске асыруға өтініш берушінің келісімі жеткілікті. Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының арасындағы диалог ұялы телефон нөміріне жіберілетін sms-хабарламалар алмасу жолымен жүреді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ләззат САҒЫНБЕКОВА,
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры:

АЛМАТЫЛЫҚТАР 78 МЛРД ТЕҢГЕ
КӨЛЕМІНДЕ ТӨЛЕМ АЛДЫ

Әлеуметтік аударымдарды уақытылы және толық төлеу өте маңызды. Өйткені, әлеуметтік төлемнің мөлшері осыған тікелей байланысты. Былтыр Алматы қаласы бойынша 113 мыңға жуық адам Қордан жалпы сомасы 78,3 млрд теңгеге әлеуметтік төлем алды.

Әлеуметтік төлем түрлеріне тоқталсақ, жүйе еңбекке қабілеттілігінен айырылуы және асыраушысынан айырылуы бойынша екі ұзақ мерзімді төлемді көздейді. Олар бюджеттен тағайындалатын осыған ұқсас мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша Қордан төленеді. 2023 жылы мұндай төлемдерді мүгедектігі бар 8,5 мың жұмыс істейтін азамат және асыраушысынан айырылған 4,9 мың отбасы алды. 2023 жылы көрсетілген төлемдердің тағайындалған мөлшерінің жылдық мәнде 23%-ға екі реттік өсуін ескере отырып, бұл мақсаттарға Қордан 6,8 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды. Тақырыпқа орай айта кетсем, былтырғы қорытынды бойынша Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің шамамен 60%-ы электрондық көздер арқылы өтініштер бойынша тағайындалды. Мұнда электрондық қызметтерді қарау мерзімі 8-ден 4 жұмыс күніне дейін қысқарды



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЛМАТЫЛЫҚТАРҒА
АЛМА БҰЙЫРА МА?

«Отамалы» амалы әдеттегіден ерте көрініс берді...



Биыл көктем ерте келді. Батыстың бүкіл ақпарат құралдары көктем ерте келетінін айтып жамыраса жазған еді. Десе дегендей, Сәуір (Көкек) айы шуақты болып, тіпті ыстық болып басталды. Әйтсе де, басында екі-үш күн шуақты болғанымен, соңы жауын-шашынға, қарға ұласты...

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазір Отамалы жүріп жатыр. Бұл амалды Асанқайғы бабамыз «ойылған қыс» деп те атаған. Бәлкім, осы амалдың әсері ме, Алматыда биыл күн ерте күркіреді. Найзағай мен жаңбыр ерте көрініс берді. Көктем айында келетін бірінші амал. Амал атауының отпен, яғни шөппен қатысы болуы әбден мүмкін. Өйткені, Отамалы кезінде бөктерлер мен беткейлердегі жусандар жанданып, бөрте бастайды.

Қыстаулықтағы шөп желініп бітетіндіктен, малшылар қатты аязға төтеп беру үшін күнге беттен үнемдеп жайылым алып қалады да, осы амал тұсында пайдаланатын болған.

Кейде көп жағдайда тұтқиылдан қатты аяз жүреді. «Жақсылығына бақса, от алғанша, жаманшылығына бақса, ойылған жұт» немесе «отын тастаса, от алғанша, шотын

тастаса, ойылған жұт» деген, т.б. мақал, аңыз-әңгімелер бар.

Бұл күндері біздің республикамызда да су тасқыны, топан судың дүрбелені орын алып отыр. Алматы қаласында, маңындағы елді мекендерде еріген қар суының салдарынан сай-сала мен шағын өзен, бұлақтар арнасына сыймауда.

Алдымызда «Қызыр қамшысы» амалы кезек күтіп тұр. Амал кезінде алғашқы найзағай ойнап, жаңбыр жауып, жер бусанады. Халық осы найзағайдың жарқылын «Қызырдың қамшысы» ойнады деп атаған. Кей жылдары біркүндік суық орын алатын болған. Көк жүзін жаздың бұлты қаптайды. «Қызырдың қамшысы» ойнағаннан кейін қыс біржолата кетеді деп санаған. Қазақы пайым осылай болжам жасаған.

Қазір өрік гүлін ашты. Шие, кара өрік, аржағында алма кезегін күтіп тұр. Әсем де ару Алматының алуан түрлі гүлге бөленіп, нұрға кенелетін шағы бұл. Өрік адам ағзасына пайдалы дәруменді бойына жинаған, халқымыздың сүйікті жеміс ағаштарының бірі. Асығыс, алып ұшпа мінезімен қазаққа ұқсас.

Қазақ алда не тұрғанын байыптай, бағдарлай бермейді. Тәуекелшіл халық. Өрік те сондай, көктем келіп, күн сәл жылт етсе болды, жапырағын жайып, гүлін шашып, шырайланып шыға келеді. Суыққа тез әрі көп ұрындыратын да осы мінезі.

Алдағы аптада қазақы пайым бойынша, жауын-шашынның жиі орын алуы, салқындық сезілуі мүмкін. Бүгін сәуір айының 12-ші жұлдызы. Ай есебінше, айдың 3-і. Ал қазақы жүйе бойынша, енді екі күннен кейін сәуір басталады. Апта айдың басын мен ортасын қамтып тұр. Демек, апта құбылмалы болуы мүмкін. Пайымда айтылғандай, аптаның әр күнінде нөсер, жаңбыр орын алуы ғажап емес...

Сәуір (Көкек) амалы көп, ызғары мол айлардың қатарына жағады. «Сәуір болмай, тәуір болмайды», «Сәуір айы – жауын айы», тағы да басқа мақал-мәтелдері осы айдың мінезін нақты білдіріп, бейнелеп тұр.

Тәңірден тілеріміз – оңтүстік астананың шуақты шағын «Отамалының» қуатты жел-ызғары алай-дүлей күйге түсіріп, гүл-түйнегін үсіріп отап, ойрандап кетпесе болғаны...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Жазғытұрым:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, жаз – ыстық, қыс – жайлы.
- * Аңыздық ыстық – қыстағы қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.
- * Бұлт желге қарай көшсе, жаңбыр жауады.

КӨРМЕ

«Үш терезеден»
табиғатқа үңіліңіз

Алматыда өнердің төл өкілі Нұршидин Баратовтың «Үш терезе» атты жеке көрмесі ашылды. Оған жыл мезгілдері пейзаждары, қала және ауыл мотивтері, натюрморт және теңіз көріністерін қамтитын тақырыптық топтарға топтастыруға болатын 100-ге жуық туындысы қойылған.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Әр суретшінің шығармашылығында оған жақын тақырыптар, жанр және орындау техникасы бар. Нұршидин Баратов үшін бұл пленэрлік пейзаждық кескіндеме. Табиғаттың өзгермелі, тез өзгеретін тірі ортасы суретшіні баурап алады, одан алынған әсер оның шығармашылығының объектісіне айналады. Оның қала пейзаждарында біз әрқашан белгілі бір орынды тани алмаймыз, бірақ біз өзімізді сол жерде болғандай сезінеміз, қар басқан тозығы жеткен үйді, тыныш және шуақты аулаларды немесе қыркүйектің жылы күндерін жақсы білеміз, оның гүлденген ағаштарына тамсанамыз. Оның шығармаларына қарап отырып, көрермен еріксіз сағыныш сезімін, ерекше көңіл күйді сезінеді. Әрбір этюд ерекше әлем іспетті, онда көрермен еске алуды, бір сәттің күйін де, шексіз қиял әлемін де аша алады», – дейді көрме кураторы Айжан Қалшора.

Нұршидин Баратов Алматының тумасы. Н.В.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін тәмамдаған, содан кейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына монументалды кескіндеме бөліміне түсіп, кейін Стамбулда Мимар Синан атындағы бейнелеу өнері университетінде оқуын жалғастырды. Суретші түрлі елдерге көп саяхаттап, Қырғызстан, Өзбекстан, Беларусь, Түркия, Испанияға бірлескен пленэрлерге барды.





Ресейдің Ульяновск қаласында А.А.Пластовтың 130 жылдығына арналған мерейтойлық пленэрге қатысқан. Оның картинасы А.А.Пластов музейінің тұрақты көрмесінің коллекциясы үшін сатып алынды, биыл суретші Суздаль қаласының мыңжылдығына пленэрге баруды жоспарлап отыр.

Суретші Украинада, Түркияда, Данияда, Венгрияда да жеке көрмелерін өткізген. ALMALINE шығармашылық тобының мүшесі. Алматы, Бішкек, Кипр, Стамбул, Будапешт қалаларындағы топтық көрмелердің қатысушысы. Суретшінің Алматыда жеке сурет галереясы мен «ARTEAST» бағет шеберханасы бар.

Көрме 21 сәуірге дейін жалғасады.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Галым СМАҒҰЛҰЛЫ.